

А.Н. Токашева<sup>1\*</sup>, Д.С. Қожабеков<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>2</sup>Сулейман Демирел атындағы университет, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: [25\\_ai\\_sulu.06@mail.ru](mailto:25_ai_sulu.06@mail.ru); [kdarhanbek@gmail.com](mailto:kdarhanbek@gmail.com))

## Кеңес тарихшылары және сталиндік дәуірдің соңғы жылдарындағы ұлттық тарихтың қайта қаралуы

Мақалада кеңестік тарихшылардың Сталин дәуірінің соңғы жылдарындағы ұлттық тарихты қайта қарау мәселелері зерттелген. Яғни кеңестік кезеңдегі ұлттық тарихты қалыптастырудың күрделі және қайшылықты үдерістері қарастырылған. Партиялық нұсқаулар мен мемлекеттік саясаттың ұлттық тарихтың мазмұнына қалай ықпал еткені зерделенген. Сонымен қатар, тарихи оқиғалардың тізбегін қалыптастыру үшін қандай шаралар қолданылғаны және бұл үдерістердің КСРО халықтарының тарихын зерттеу мен түсіндіруге әсері талданды. Осы ретте, идеологиялық талаптар мен ғылыми тәжірибелердің өзара байланысына, сондай-ақ олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастыру ықпалына ерекше көңіл бөлінді. Зерттеу барысында КСРО Ғылым академиясының Тарих институтында таптық көзқарасты жақтаушылар мен кеңестік патриотизмді қолдаушылар арасындағы пікір алмасуларға назар аударылған. Мақалада кеңестік тарихшылардың ұлттық тарихты қайта қарауда қолданған маркстік-лениндік әдістің ықпалы, идеологиялық кедергілер мен цензураның күшеюі қарастырылды. Кеңестік тарих ғылымында орын алған идеологиялық, саяси және әдіснамалық өзгерістер сипатталды. Авторлар Кеңес Одағы тұсындағы ұлттық тарихты зерттеу мәселелеріне кейінгі уақытта ғана маңызды тұжырымдар жасалғанын көрсете келе, оның кең ауқымды ғылыми еркіндік пен ұлттық тарихтың толыққанды ашылуы тек тәуелсіздік кезеңінде жүзеге асырылғанын анықтайды. Зерттеу нәтижесінде сол кезеңде қалыптасқан идеологиялық жағдайлар мен көпшілікке жарияланбаған шешімдердің тарихшылар қызметіне әсер еткені айқындалды.

*Кілт сөздер:* Қазақстан тарихы, тарихнама, кеңестік кезең, кезеңдеу, тарих ғылымы, «зұлымдықтың ең аз» формуласы, отаршыл саясат, ұлы орыс шовинизмі, халықтар достығы, идеология.

### Кіріспе

Кеңестік идеология соғысты әр ұлттың ортақ күресі ретінде көрсетуге тырысты. Соғыс кеңестік идеологияның бір бағыты ретінде ортақ ерлік алаңына айналды. Атап айтқанда, жауынгерлерге арнайы жазылған хаттар сол кездегі маңызды үндеулердің бірі еді. Бұл хаттар барлық орталық, республикалық және жергілікті газеттерде жарияланып, кәсіпорындарда оқылып, радио арқылы кеңінен таратылды. КСРО аумағы басқыншылардан азат етілуіне қарай, идеологиялық салада жаңа империялық көзқарасқа айқын бетбұрыс жасай бастады. 1945 жылдың 24 мамырында И. Сталин әскери қолбасшылардың құрметіне сөйлеген сөзінде, орыс халқын Кеңес Одағының құрамына кіретін ұлттар ішіндегі ең көрнекті ұлт ретінде сипаттады [1: 1]. Бұл мәлімдеме Кеңес халықтарының арасында «халықтар достығы» идеологиясының қажет екендігін негіздеді. Аталған идеология Кеңес Одағындағы ұлттарды біртұтас социалистік қоғам ретінде көрсетуге бағытталғанымен, іс жүзінде орыс халқының жетекші рөлін айқындауға және оның үстемдігін нығайтуға қызмет етті. Кеңестік билік мұны әр халықтың тарихын зерттеу арқылы қолға алды. Себебі, Сталин дәуірінің соңғы жылдары тарихта маңызды оқиғалардың орын алуымен есте қалды. Атап айтқанда Ұлы Отан соғысы жылдары Ғылым академиясының құрылуы және Қазақстан тарихына арналған маңызды еңбектердің жарық көрген уақыты ретінде көрініс тапты. Бұл еңбектер қатарына «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» (1943) [2], Е. Бекмахановтың «Казахстан в 20-40 годы XIX века» (1947) [3] және М. Вяткиннің «Сырым батыр» (1951) [4] сияқты іргелі еңбектерді жатқызамыз. Бұл ғылыми еңбектер сол кезеңнің идеологиялық ұстанымына қарай өзгертіліп, ортақ кеңестік ғылымның бір саласы ретінде қалыптасты. Ал зерттеулерде берілген фактілер идеологиялық тұрғыда сынға алынды. Осылайша Кеңестік Социалистік Республикалар Одағындағы ресми идеологияның тарих ғылымына ықпалы, партиялық ұстанымдар мен ғылыми зерттеулер арасындағы өзара байланыстары кеңестік тарихнаманың методологиялық ұстанымдарын қалыптастырды. Бұл кеңестік тарихнаманың жаңа кезеңіне аяқ басуымен ерекшеленді. Мысалы, XX ғасырдың 20-30 жылдарында зерттеулер

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [25\\_ai\\_sulu.06@mail.ru](mailto:25_ai_sulu.06@mail.ru)

патшалық Ресейдің отарлық саясатын сынаған болса, ендігі кезекте зерттеулер халықтар тарихындағы ортақ сипаттарды айшықтауға бағытталды. КСРО-ның соғыстағы жеңістері бүкіл халықтың ортақ жетістігі ретінде сипатталып, оның ұйытқысы орыс халқы ретінде түсіндірілді. Сонымен қатар, соғыстағы жеңістер кеңес халықтарының негізгі интеграциялық алаңы ретінде қарастырылды. Алайда Сталин дәуірінің соңғы жылдарындағы кеңестік тарих ғылымындағы мұндай бетбұрыстар орыстардың тарих алдындағы ерлігін ерекшелеуге жол берді. Мұндай көзқарастармен жергілікті тарихшылар толық келіспеді және өз пікірлерін жекелеген зерттеулер арқылы көрсетіп отырды. Олар XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей патшалығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің тарихын жазуға ден қоя бастады. Бірақ кеңестік тарих ғылымы орталық биліктің нұсқауымен ғана жазылды. Мысалы, қазақтардың, башқұрттардың және т.б. халықтардың тұтас тарихын зерттеу жұмыстары тікелей Орталық комитеттің бақылауында болып, Мәскеу тарихшыларының кеңесіне сүйенді. Бұл КСРО құрамында өмір сүріп жатқан өзге этностар тарихының объективті жазылмауына негіз болды. Осы орайда мақаланың мақсаты кеңестік идеологияның тарих ғылымына ықпалын талдап, оның саяси-идеологиялық мақсаттарға сай қалай қалыптасқанын анықтауға бағытталған.

### *Зерттеу материалдары және әдістері*

Мақаланың негізгі дереккөзі ретінде сталинизмнің соңғы кезеңінің түрлі тарихнамалық еңбектері мен материалдары пайдаланылды. Олардың ішінде, ең алдымен, 1943 жылы жарық көрген «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» еңбегі [2]. Бұл еңбек КСРО аумағында одақтас республика тарихына арналған алғашқы жүйелі зерттеу болғандықтан, мақалада ұлттық тарихтың қайта қаралуы мен идеологиялық ықпалдың көрінісі ретінде талданды. Осылайша, аталмыш дереккөз тарихнаманың өзгерістерін және идеологиялық бағыттарды көрсету мақсатында қолданылды. Бұған қоса, сол кездегі тарих ғылымындағы орын алған өзгерістерді түсіну үшін «Большевик», «Вопросы истории» сияқты ресми мерзімді басылымдарда жарияланған А.М. Панкратова [5], М. Морозов [6], Г. Александров [7], М.В. Нечкина [8] секілді тарихшылардың мақалалары да қарастырылды. Қолданылған материалдарды негізге ала отырып, сталинизмнің соңғы жылдары КСРО халықтарының тарихына қатысты тұжырымдаманың жалпы түрде қалыптасқаны байқалады. Уақыт өте бұл тұжырымдама ұлттық саясаттың негізіне айналды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер, соның ішінде талдау мен синтездеу, нақтылау мен жалпылау, сондай-ақ тарихнамалық талдаудың дәстүрлі әдістері қолданылды. Салыстырмалы тарихи әдіс сол уақытта қалыптасқан ұлттық тарихты қайта қарауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс тарих ғылымының дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі ғалымдардың көзқарастарындағы ортақ пікірді анықтауға көмектесті. Сонымен қатар, тарихи жүйелік әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс ұлттық тарих тұжырымдамасының қалыптасуына әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды айқындауға мүмкіндік берді.

### *Талқылау және нәтижелері*

1920 жылдары «ұлы орыс шовинизміне» қарсы күрес аясында Ресей империясының ұлттық саясаты басты зұлымдық ретінде қарастырылып, ал патша режиміне қарсы ұлттық қозғалыстар отаршылдыққа қарсы күрес ретінде бағаланды. Алайда, 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында ішкі және сыртқы саясаттағы өзгерістер бұл тұжырымдаманы қайта қарауды талап етті. Бұл өзгерістердің нәтижесінде «ұлы орыс шовинизміне» қарсы күрес біртіндеп «халықтар достығы» идеологиясымен алмастырылды. Бұл идеологияның негізгі мақсаты орыстарды КСРО халықтары арасындағы алдыңғы қатарлы ұлт ретінде көрсету еді. Сонымен қатар, 1920-1940 жылдары елде радикалды әлеуметтік өзгерістер орын алды. Осындай түбегейлі өзгерістер жағдайында этносаралық қатынастар ерекше маңызды еді. Осы тұрғыда, орыс халқының басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынасы мәселесі ерекше өзектілікке ие болды [9; 13].

И.В. Сталин, С.М. Киров және А.А. Ждановтың авторлығымен «Замечаниях по поводу конспекта учебника по истории СССР» атты мақаласында бекітілген «Зұлымдықтың ең аз» формуласы идеологиялық және тарихнамалық кеңістікке енгізілді [10; 125]. Бұл формулаға сәйкес, Украина және Грузияның Ресейдің құрамына қосылуы Польша немесе Түркияның құрамына қосылғаннан гөрі «зұлымдықтың ең аз» формуласы ретінде танылды. Алайда, бұл жаңа нұсқаулар тек интерпретацияның жаңа қайшылықтарын туындатты. Өйткені «Зұлымдықтың ең аз» формуласы тек Украина мен Грузияға қатысты қолданылғандықтан, тарихшылардың өзіндік интерпретациялық еркіндігі пайда болды. Дегенмен бұл қағиданы басқа халықтардың тарихына қолдануға болатындығы

немесе оның ғылыми және идеологиялық тұрғыдан дұрыс екендігі анықталмаған еді. Осылайша, орыс емес халықтардың Ресейге қосылу мәселелерін талқылауда тарихшылар үшін белгілі бір шығармашылық еркіндік пайда болды. Алайда, Ресейдің «отаршыл саясатын» ресми түрде оң бағалау қабылданбағандықтан, бұл да күмәнді жағдайды туғызған еді.

Соғысқа дейін ұлттық сипатта жаңа тарих жазуға бағытталған ірі жобалар жүзеге асырылды. Осы тұрғыда көп томдық басылымдардың шығуы тарихи сананы қалыптастырудың маңызды бөлігі болды. Сонымен бірге, Ғылым академиясының Тарих институты елдің басты ғылыми-тарихи мекемесі ретінде авторлық ұжымның негізін қалады. Осылайша, жергілікті тарихшылар «кіші әріптестер» ретінде әрекет еткен өзіндік ерекше «билік вертикаль» қалыптасты [11; 65]. Әдетте бұл жүйеде жергілікті тарихшылар маңызы аз бөлімдерді жазуға жауапты болса, мәскеулік ғалымдар тұжырымдамалық шеңбер мен идеологиялық дискурсты айқындауға міндеттелді. Бұған қоса Тарих институты қызметкерлері арасында да пікір бірлігі болмады. Мысалы кейбіреулері таптық көзқарасты ұстанса, басқалары кеңестік патриотизм идеяларына негізделген жаңа идеологиялық тенденцияларды қабылдауға тырысты. Сәйкесінше тарих ғылымы таптық көзқарас пен «халықтар достығы» идеясы арасында тепе-теңдікті сақтауға мәжбүр болды. Бұл екі көзқарас та ресми идеологияның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды. Нәтижесінде, кейбір тарихшылар орыс емес халықтарды қосу үдерісін ұлттық қысым ретінде бағаласа, басқалары оны «зұлымдықтың ең аз» формуласы ретінде қарастыруды жалғастырды.

Алайда, Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты ұлттық тарихқа арналған көп томдықтар толық жазылып бітпеді. Соғыс жылдары батырлықты жаңаша бағалау кезеңіне айналды. Бұл тек орыс тарихына ғана емес, басқа халықтардың тарихына да қатысты болды. Мысалы, 1942-1943 жылдары орыс халқының қаһармандық оқиғаларына ерекше көңіл бөлінгеніне қарамастан, украин патриоттық насихаты да тоқтатылмады, керісінше күшейді десе болады [12; 150].

1943 жылы А.М. Панкратованың жетекшілігімен «Қазақ КСР тарихы» атты алғашқы академиялық ірі басылым дайындалды. Бұл еңбекті жазуға эвакуацияланған танымал мәскеулік мамандар мен жергілікті тарихшылар тартылды. Алайда, жоба барысында қолданыстағы идеологиялық бағыттың айқын болмауы байқалды. Сондықтан да авторлардың алдында «зұлымдықтың ең аз» формуласын қолдану қажеттігі туралы сұрақ туындады. Нәтижесінде, ұзақ пікірталасдан кейін бұл формуладан бас тарту туралы шешім қабылданды. Ал антифашистік қозғалыстар прогрессивті құбылыс ретінде бағаланды. Алайда 1943 жылы шыққан «Қазақ КСР тарихы» еңбегі даулы пікірталастарға себеп болды. Орталық комитет тарапынан түрлі сын-пікірлер айтылды. Мысалы, үгіт-насихат бөлімінің бастығы Г.Ф. Александров оны «орыс идеологиясына қарсы» деп бағаласа, керісінше Орталық комитет хатшысы А.А. Жданов монография авторларын қолдады. Бұл жағдай өз кезегінде идеологиялық бірліктің болмауын көрсетті. Сонымен қатар, билік «халықтар достығын» күшейтудің орнына, оны бұзуы мүмкін басылымдардан қауіптенді [5; 20].

1944 жылдың көктем-жазында БК(б)П Орталық комитетінде өткен кеңесте тарихшылардың ұлттық тарих мәселелері бойынша көзқарастары әртүрлі екендігі анықталды. Мысалы, С.К. Бушуев пен А.И. Яковлев тарихи оқиғаларда орыс ұлттық мүдделерін бірінші орынға қоюды ұсынды. Ал, А.М. Панкратова бастаған топ, таптық көзқарасты ұстанды. Аталған топ үшін таптық ұстаным бірінші орында болды. Осыған қоса, И.И. Минц бастаған тарихшылар тобы бейтараптылықты ұстануға шақырды. Осылайша, тарихшылардың көзқарастары әртүрлі болды. Сондықтан да бұл отырыс тарихи бағыттарды жетілдіруге арналған пікір алмасу алаңы ретінде қарастырылды [13; 70]. Бұл жиынға ғылыми ортада белгісіз болған Х.Г. Аджемян да қатысты. Оның пікіріне сүйенсек, антипатшалық қозғалыстар мемлекетті әлсіретеді. Ал бұл өз кезегінде таптық ұстанымдарға мүлдем қайшы келді. Осыған байланысты бұл кезеңде большевиктер партиясының басшылары ұлттық республикалар мен өңірлер тарихына қатысты белгілі бір ұстанымда еді. Бұл ұстанымның негізгі көрінісі 1945 жылы партиялық мерзімді басылым — «Большевик» журналында жарияланған М. Морозовтың мақаласында көрініс тапты [6; 81]. Мақалада автор «зұлымдықтың ең аз» формуласын пайдаланып, отаршылдыққа қарсы қозғалыстардың прогрессивтілігін үйлестіруге тырысқан. Сонымен қатар, Г. Александровтың «О некоторых задачах общественных наук в современных условиях» атты мақаласында ұлттық тарихшылардың еңбектерінде орыс халқының жетекшілігімен халықтар бауырластығын көрсетудің маңыздылығын атап өтті [7; 17]. Осылайша, БК(б)П Орталық Комитетінің қазақ, татар және башқұрт тарихшылары мен әдебиетшілерінің жұмысына қатысты қабылдаған шешімдері [14; 49–51] идеологиялық басымдықтарды және бұзуға болмайтын «қызыл сызықтарды» айқын көрсетті. Нәтижесінде, Орталық комитетте өткен кеңес

қорытындысы бойынша идеологияға сай келмейтін көзқарастар сынға алынды. Осы тұста тарихшыларға ұлттық тарихты қалыптастыруда «зұлымдықтың ең аз» формуласын қолдану ұсынылды. Алайда, басты мәселе шешімдердің ашық жарияланбауында болды. Шын мәнінде, билік жаңа талаптарды нақты тұжырымдай алмады. Дегенмен жобаның негізінде тұрған А.М. Панкратова өз шешімінен бас тартуға асықпады. Керісінше ол авторлардың «зұлымдықтың ең аз» формуласын ұстанғанын дәлелдеп, монографияны қорғауға тырысты. Алайда, көп ұзамай түзетілген басылымның жарық көруіне кедергі келтіру мүмкін еместігі белгілі болды [15; 120].

Соғыстан кейінгі кезеңдегі басылымдарда «зұлымдықтың ең аз» формуласы мен антипатшалық қозғалыстардың прогрессивті идеясын пайдалану талпыныстары байқалды. Алайда, Г.Ф. Александров «Большевик» журналында мақала жариялап, идеологиялық бағытты айқындады. Онда автор келесі қателіктерді ашып көрсетті. Атап айтқанда Г.Ф. Александровтың пікірінше, ұлттық тарихты дұрыс жазу үшін халықтардың бірлігін қамтамасыз еткен негізгі факторларды жан-жақты зерттеу маңызды еді. Осылайша, халықтар арасындағы бауырластықты көрсету тарихшылардың басты міндетіне айналды. Сол себепті, Ресейге қарсы қозғалыстар «қолайсыз» деп танылып, оларды зерттеуге тыйым салынды. Жаңа идеологиялық нұсқаулардың енгізілуі кеңестік тарих ғылымының идеологиялық бағытын айтарлықтай өзгертті. Бұл жағдай, өз кезегінде тарихшылардың зерттеулерін қатаң түрде шектеді. Қырғи қабақ соғыс кезеңінде үкімет Кеңес қоғамының идеологиялық бірлігін нығайтуға ерекше назар аударды. Өз кезегінде жергілікті «буржуазиялық ұлтшылдық» негізгі қарсылас ретінде анықталды [16; 115].

Дегенмен, көптеген түсініспеушіліктер жалғасып жатты. Жаңа идеологиялық нормалардың енгізілуі тарих ғылымының жағдайын одан әрі қиындатты. Осы тұста тарихшылар ортасында ішкі қақтығыстардың жиі орын алуы байқалды. Әсіресе, ұлттық түсінікті қалыптастыру барысында келесі қарама-қайшылықтар байқалды. Біріншіден, бұл таптық көзқарасты қолдаушылар мен «патриот тарихшылар» арасындағы қайшылықтармен байланысты еді. Таптық көзқарасты қолдаушылар қатарына негізінен Кеңес тарихшыларының бірінші буыны жатты. Атап айтқанда М.Н. Покровскийдің бұрынғы шәкірттері [17; 211]. Ал «патриот тарихшылар» қатарында «ескі мектеп» өкілдері, тарих ғылымының жас буыны мен Х.Г. Аджемян секілді эпатажды тұлғалар болды. Өз кезегінде екі топ та ұқсас ой толғамдарын қолданды. Ресми идеологияның бөлігі болғандықтан олар бір-бірінің көзқарастарын ашық сынға ала алмады.

Екіншіден, мәскеулік және республикалардағы тарихшылар арасындағы қарсыластық байқалды. Оның себебі сол кезеңде республикаларда жергілікті ғылыми және оқытушылық кадрлар қалыптасып, белсенді түрде дамып жатты. Сонымен қатар, жергілікті партиялық құрылымдар республикалардың оң беделін қалыптастыруға мүдделі болғандықтан, өз тарихшыларына жан-жақты қолдау көрсетті. Мысалы, қазақ тарихшылары және Тарих институтының жетекшісі А.П. Кучкиннің арасында 1920 жылдары қазақ ауылын кеңестендіру мәселелері бойынша қызу пікірталас болды. Бұл пікірталаста мәскеулік зерттеуші сол кезеңдегі қазақ ауылының кеңестенгеніне күмән келтірді. Алайда бұл тұжырым қазақ тарихшыларының қатты наразылығын тудырды. Өз кезегінде жергілікті билік қазақ зерттеушілерін қолдады. Осылайша тарихшылар арасындағы қалыптасқан пікірталастар мен идеологиялық айырмашылықтар ұлттық тарихтың қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

Үшіншіден, ұлттық кадрлар арасында да күрес айқын байқалды. Оның нақты көрінісі — «Қазақ КСР тарихы» еңбегінің авторларының бірі Е.Б. Бекмахановтың тағдыры. Бір жағынан Е.Б. Бекмаханов жергілікті партиялық биліктің қолдауына ие болғанымен, қазақ тарихшылары арасындағы дұшпандардың тоқтаусыз домалақ хаттарының салдарынан репрессияға ұшырады. Бұл жағдай ұлттық тарих жобаларының айналасында күрделі ахуал қалыптастырды. Жалпы алғанда тарихшылар идеологиялық қателіктер жіберуге қорықты. Сондықтан олар зерттеулерінде абай болуға мәжбүр болды [2; 85].

Осылайша, соғысқа дейін басталған «Башқұртстан тарихы» очеркінің тағдыры күрделі болды. Бастапқыда бұл еңбек Ғылым академиясының Тарих институтында дайындалған болатын. Алайда, «Қазақ КСР тарихы» атты монографиясы қатаң сынға ұшырағаннан кейін және «Башқұрт партия ұйымының қателіктері туралы» қаулының қабылдануына байланысты, очеркті дайындау Башқұртстанның М. Ғафури атындағы Тіл, әдебиет және тарих ғылыми-зерттеу институтына тапсырылды. Тарих институтына жобаның үйлестіруші рөлін атқаруға және ғылыми көмек көрсету міндеті жүктелді. Башқұртстанның жалпы тарихына арналған бөлімдер Мәскеуде КСРО Ғылым академиясы Тарих институтының Башқұрт комиссиясының жалпы басшылығымен дайындалды. Ал Башқұртстанның мәдениет тарихына арналған бөлімдер Уфада Башқұрт институтының

дирекциясының бақылауымен өңделді. Дегенмен ұзақ пікірталастардан кейін Тарих институты басылымнан бас тартып, тек ғылыми кеңес беру қызметін атқаруға келісті. Бұл жағдай көптеген пікірталас туындатып, ұлттық тарихты қалыптастыру барысында саяси және идеологиялық кедергілердің айқын көрінуіне себепші болды [18; 107].

Өз кезегінде 1950 жылы тарих ғылымында маңызды өзгерістер орын алды. Мысалы, Г. Гусейновтің еңбегі сталиндік сыйлықтан жанжалды түрде айырылды. Оған себеп Шамильдің «халықтық» және «прогрессивті» қозғалысын тым асыра бағалау еді. Дегенмен, бұл оқиға бүкіл тарих ғылымына әсер етті. Бұған дейін ұлттық тарихтың интерпретациясында кейбір ашылмаған мәселелер болса, ендігі кезекте тарихшылар өз тарапынан тек халықтарды біріктіретін тарихи оқиғаларды көрсетуі керек екендігі айқындалды.

Осы орайда, 1956 жылы «Вопросы истории» журналында М.А. Нечкинаның мақаласы жарияланды. Бұл мақалада ол сол кезеңнің жағдайын сыни тұрғыдан талдай отырып, «зұлымдықтың ең аз» формуласына негізделген көзқарастан бас тартуды ұсынды. Алайда, біраз уақыт өткеннен кейін «Большевик» журналында бұл мәселенің бұрыннан шешілгені туралы мақала жарияланды [8; 163]. Нәтижесінде, «зұлымдықтың ең аз» формуласы ғылыми айналымнан біржола алынып тасталды. Осылайша, тарих ғылымында идеологиялық бақылау одан әрі күшейіп, тарихшылардың зерттеулеріне қойылатын талаптар мен шектеулер тағы да нақтыланды.

Бір қарағанда, орыс және орыс емес халықтардың қарым-қатынастарын қалай сипаттау туралы барлық күмәндер жойылуы керек еді. Алайда үгіт-насихат бөліміне түскен мәліметтер көрсеткендей, жағдай басқаша болды. Мысалы, имам Шамильдің «табынушылықты» жою толқынында «буржуазиялық ұлтшылдықты» әшкерелеуге бағытталған жаңа іс-шаралар ұйымдастырылды. Сол сияқты Өзбекстандағы 1898 жылғы Андижан көтерілісі бұған дейін отаршылдыққа қарсы ұлттық және таптық күрестің көрінісі ретінде бағаланып келген болса, енді оның реакциялық мәнін мойындау ұсынылды [19; 163]. Осы тұрғыдан «Правда» газетінің тілшісі Александр Шмаковтың ақпаратына сүйенсек, жергілікті тарихшылар бұл өзгерісті теріс қабылдағаны байқалды [20; 52]. Орталық комитеттің ресми ұстанымына қарамастан, арнайы ұйымдастырылған конференцияда Иван Житов бұл қозғалысты прогрессивті екенін көрсетіп, өткен пікірді сынға алды. Алайда конференция қатысушыларына Андижан көтерілісінің реакциялық екенін дәлелдегені үшін ол қатты сынға ұшырады [21; 22]. Қызығы, ресми пікірді білдіру үшін өзбек емес, орыс тарихшысы шығарылды. Осы жағдайлардың өзі тарихшылар мен саясаткерлердің идеологиялық қақтығыстарындағы күрделі үдерістерді көрсетеді.

#### *Қорытынды*

Қорытындылай келе, осы кезеңдегі идеологиялық өзгерістер тарихи интерпретацияларға елеулі ықпал етті. Өз кезегінде Сталиннің басқару кезеңінде идеологиялық тұрғыдан жаңа империялық бағытқа бетбұрыс жасалды. Бұл өзгеріс көршілес халықтардың жерлерін басып алу және оларды жалпы империялық кеңістікке қосу мәселесін негіздеуге бағытталды. Осы тұрғыда «зұлымдықтың ең аз» формуласы идеологиялық кеңістікке енгізілді. Алайда бұл тұжырым тарихи интерпретацияда қарама-қайшылықтар туғызды. Формуланың нақты қолданылу аясы айқын болмағандықтан, тарихшыларға белгілі бір деңгейде зерттеу еркіндігі берілді. Дегенмен, саяси қысым олардың қызметін шектеді. Сонымен қоса ұлттық тарихты жазу мемлекеттік маңызы бар жобаға айналып, бұл үдерісте билік тарапынан қатаң идеологиялық бақылау күшейтілді. Бұл әсіресе «Қазақ КСР тарихы» еңбегінің жазылуы барысында көрініс тапты. Аталған еңбек Кеңес билігінің сынына ұшырағанымен, ұлттық тарихты қалыптастырудағы маңызды қадамдардың бірі еді. Сталиндік биліктің соңына қарай КСРО халықтарының тарихына арналған тұжырымдама қалыптастырылды. Бұл тұжырымдама таптық күрес идеясын және кеңестік ұлттар ішіндегі орыстарды алдыңғы қатарлы ұлт ретінде көрсететін «халықтар достығы» идеологиясын негізге алды. Осы тұрғыда ұлттық қозғалыстардың тарихи зерттелсе де, олар ресми идеологияға сәйкес өңделіп, антипатшалық күрес реакциялық құбылыс ретінде қарастырыла бастады. Бұл жағдай тарихшыларға өзіндік зерттеулер жүргізуге шектеулер қойды. Нәтижесінде, кеңестік тарихнама ұлттық тарихты ғылыми негізде зерттеуден гөрі, билік ұстанымдарына сай баяндауға бағытталды.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Выступление товарища И.В. Сталина / Правда. — 1945. — № 124 (9895). — С. 1-2.
- 2 История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней [Текст] / под ред. М. Абдыкалыкова, А. Панкратовой. — Алма-Ата: КазОГИС, 1943. — 671 с.
- 3 Бекмаханов Е. Казахстан в 20–40-е годы XIX века / Е. Бекмаханов. — Алма-Ата: Казахское объединенное Государственное изд-во, 1947. — 390 с.
- 4 Вяткин М.П. Сырым батыр [Мәтін] / М.П. Вяткин. — Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1951. — 398 б.
- 5 Абсеметов М.О. Вклад академика А.М. Панкратовой в историческую науку Казахстана / М.О. Абсеметов // Вестник Томского государственного университета. — 2016. — № 402. — С. 18–22.
- 6 Морозов М. Об «Истории Казахской ССР» / М. Морозов // Большевик. — 1945. — № 6. — С. 79–83.
- 7 Александров Г. О некоторых задачах общественных наук в современных условиях / Г.О. Александров // Большевик. — 1945. — № 14. — С. 16–19.
- 8 Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960): Очерки становления и развития / Ответст. ред. Б.А. Тулепбаев, И.М. Козыбаев, К.А. Акишев. — Алма-Ата: Гылым, 1990. — 269 с.
- 9 Козыбаев И.М. Историческая наука Казахстана (40–80-е гг. XX века) / И.М. Козыбаев. — Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. — 149 с.
- 10 Дубровский А.М. Власть и историческая мысль в СССР (1930–1950-е гг.) / А.М. Дубровский. — М.: Полит. энцикл., 2017. — 622 с.
- 11 Дружинин Н.М. Воспоминания и мысли историка / Н.М. Дружинин. — М.: Наука, 1967. — 114 с.
- 12 Бранденбергер Д.Л. Итоговый партийный документ совещания историков в ЦК ВКП(б) в 1944 г. (История создание текста) / Д.Л. Бранденбергер, А.М. Дубровский // Археографический ежегодник за 1998 год. — М., 1999. — С. 148–160.
- 13 Чернев А.Д. Власть и историческая наука (о журнале «Вопросы истории») / А.Д. Чернев // Отечественные архивы. — 1992. — № 5. — С. 31–66.
- 14 О подготовке 2-го издания «История Казахской ССР» // Большевик Казахстана. — 1945. — № 4-5 апрель-май. — С. 49–51.
- 15 Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории / И.М. Козыбаев. — Алма-Ата: Рауан, 1990. — 135 с.
- 16 Дахшлейгер Г.Ф. Историография советского Казахстана / Г.Ф. Дахшлейгер. — Алма-Ата: Наука, 1969. — 189 с.
- 17 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России / Е.Б. Бекмаханов. — М.: Издательство Академии Наук ССР, 1957. — 337 с.
- 18 О состоянии и мерах улучшения агитационно-пропагандистской работы в документах Башкирской партийной организации // Пропаганда и агитация в решениях и документах ВКП (б). — Москва, 1947. — 480 с.
- 19 Сальков В.П. Андиганское восстание в 1898 г. / В.П. Сальков. — Казань, 1901. — 131 с.
- 20 Гафуров Б.Г. Андиганское восстание в 1898 г. / Б.Г. Гафуров // Вопросы истории. — 1953. — № 2. — С. 50–61.
- 21 Юсупов Э.Ю. Андиганское восстание 1898 года в советской исторической литературе / Э.Ю. Юсупов, Б.В. Лунин // Общественные науки в Узбекистане. — 1987. — № 1. — С. 18–32.

А.Н. Токашева, Д.С. Кожобеков

### **Советские историки и трансформация национальной истории в последние годы сталинской эпохи**

В статье пересматриваются вопросы национальной истории советскими историками в последние годы сталинской эпохи. Авторы исследуют сложные и противоречивые процессы формирования национальной истории в советский период. Анализируется, каким образом партийные указания и государственная политика повлияли на содержание национальной истории. Кроме того, изучаются меры, предпринятые для формирования последовательности исторических событий, влияние этих процессов на исследование и интерпретацию истории народов СССР. Особое внимание уделяется взаимосвязи идеологических требований и научных подходов, а также их воздействию на формирование национальной идентичности. В ходе исследования рассматривается дискуссия между сторонниками классового подхода и приверженцами советского патриотизма, проходившая в Институте истории Академии наук СССР. В статье анализируется влияние марксистско-ленинского метода на пересмотр национальной истории советскими историками, усиление идеологических барьеров и цензуры. Описываются идеологические, политические и методологические изменения, происходившие в советской исторической науке. Авторы приходят к выводу, что лишь в последнее время были сделаны значимые выводы по вопросам изучения национальной истории Советского Союза. Они подчеркивают, что широкая научная свобода и всестороннее раскрытие национальной истории стали возможными только в

период независимости. В результате исследования выявлено, что идеологические условия того времени и непубличные решения существенно повлияли на деятельность историков.

*Ключевые слова:* история Казахстана, историография, советский период, периодизация, историческая наука, теория «наименьшего зла», колониальная политика, великорусский шовинизм, дружба народов, идеология.

A.N. Tokasheva, D.S. Kozhabekov

## Soviet historians and the transformation of national history during the last decade of the Stalin era

The article discusses the revision of national history by Soviet historians in the last years of the Stalin era. The authors examine the complex and sometimes contradictory processes of shaping national history during the Soviet period. They also analyze the constant ideological changes in Soviet historiography, debates about fairness towards different peoples, and the search for historical interpretations that aligned with Soviet national policy under the idea of the “lesser evil”. The study highlights discussions between supporters of the class-based approach and those promoting Soviet patriotism within the Institute of History of the USSR Academy of Sciences. The article explores the influence of the Marxist-Leninist method on the revision of national history, as well as the strengthening of ideological restrictions and censorship. It describes the ideological, political, and methodological changes that took place in Soviet historical studies. The authors conclude that only recently significant conclusions have been drawn about the study of national history in the Soviet Union. They emphasize that true academic freedom and a full understanding of national history became possible only after independence. As a result, the study highlights the complexity of Soviet historical science and ideology, as well as the impact of behind-the-scenes decisions on historians’ work.

*Keywords:* History of Kazakhstan, historiography, soviet period, periodization, historical science, the theory of “lesser evil”, colonial policy, great Russian chauvinism, friendship of nations, ideology.

### References

- 1 (1945). Vystuplenie tovarishcha I.V. Stalina [Speech by Comrade I.V. Stalin]. *Pravda — Truth*, 124, 1-2 [in Russian].
- 2 Abdykalykova, M. & Pankratova, A. (Ed.). (1943). *Istoriia Kazakhskoi SSR s drevneishikh vremen do nashikh dnei [The history of the Kazakh SSR from ancient times to the present day]*. Alma-Ata: KazOGIS [in Russian].
- 3 Bekmahanov, E. (1947). *Kazahstan v 20–40-e gody XIX veka [Kazakhstan in 20–40-e years of XIX century]*. Alma-Ata: Kazakhskoe obedinennoe Gosudarstvennoe izdatelstvo [in Russian].
- 4 Vyatkin, M.P. (1951). *Syrym batyr [Syrym batyr]*. Alma-Ata: Qazaq memleket baspasy [in Kazakh].
- 5 Absetmetov, M.O. (2016). *Vklad akademika A.M. Pankratovoi v istoricheskuiu nauku Kazakhstana [Contribution of academician A.M. Pankratova to the historical science of Kazakhstan]*. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of Tomsk State University*, 402, 18–22 [in Russian].
- 6 Morozov, M. (1945). Ob «Istorii Kazakhskoi SSR» [About the “History of the Kazakh SSR”]. *Bolshevik*, 6, 79–83 [in Russian].
- 7 Aleksandrov, G. (1945). *O nekotorykh zadachakh obshchestvennykh nauk v sovremennykh usloviakh [On some tasks of social sciences in modern conditions]*. *Bolshevik*, 14, 16–19 [in Russian].
- 8 Tulepbaev, B.A., Kozybaev, I.M., & Akishev, K.A. (Ed.). (1990). *Istoricheskaiia nauka Sovetskogo Kazakhstana (1917–1960): Ocherki stanovleniia i razvitiia [Historical science of Soviet Kazakhstan (1917–1960): Essays on formation and development]*. Alma-Ata: Gylym [in Russian].
- 9 Kozybayev, I.M. (1992). *Istoricheskaiia nauka Kazakhstana:(40–80-e. gg. XX veka) [Historical science of Kazakhstan: (40–80-ies of the XX century)]*. Alma-Ata: Qazaq universiteti [in Russian].
- 10 Dubrovskii, A.M. (2017). *Vlast i istoricheskaiia mysl v SSSR (1930–1950-e gg.) [Power and historical Thought in the USSR (1930s–1950s)]*. Moscow: Politicheskaiia entsiklopediia [in Russian].
- 11 Druzhinin, N.M. (1967). *Vospominaniia i mysl istorika [Memoirs and thoughts of a historian]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 Brandenberger, D.L. & Dubrovskii, A.M. (1999). Itogovi partiinyi dokument soveshchaniia istorikov v TsK VKP(b) v 1944 g.(Istoriia sozdanie teksta) [The final party document of the meeting of historians in the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks in 1944 (The history of the creation of the text)]. *Arkheograficheskie zhegodnik za 1998 god — Archeographic Yearbook for 1998*, 148–160 [in Russian].
- 13 Chernev, A.D. (1992). *Vlast i istoricheskaiia nauka (o zhurnale «Voprosy istorii») [Power and historical science (about the magazine “Questions of History”)]*. *Otechestvennye arhivy — National Archives*, 5, 31–66 [in Russian].
- 14 (1945). O podgotovke 2-go izdaniia «Istorii Kazakhskoi SSR» [About the preparation of the 2nd edition of the “History of the Kazakh SSR”]. *Bolshevik Kazakhstana — Bolshevik of Kazakhstan*, 4-5, 49–51 [in Russian].

15 Kozybayev, I.M. (1990). *Istoriografiia Kazakhstana: uroki istorii* [Historiography of Kazakhstan: lessons of history]. Alma-Ata: Rauan [in Russian].

16 Dakhshleiger, G.F. (1969). *Istoriografiia sovetskogo Kazakhstana* [Historiography of Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].

17 Bekmakhanov, E.B. (1957). *Prisoedinenie Kazakhstana k Rossii* [The accession of Kazakhstan to Russia]. Moscow: Izdatelstvo Akademii Nauk SSR [in Russian].

18 (1947). O sostoianii i merakh uluchsheniia agitatsionno-propagandistkoi raboty v dokumentakh Bashkirskoi partiinoi organizatsii [On the status and measures to improve agitation and propaganda work in the documents of the Bashkir Party organization]. *Propaganda i agitatsiia v resheniiakh i dokumentakh Vserossiskoi Kommunisticheskoi Partii (b)*. — *Propaganda and agitation in the decisions and documents of the Russian Communist Party (b)*. Moscow [in Russian].

19 Salkov, V.P. (1901). *Andizhanskoe vosstanie v 1898 g.* [The Andijan Uprising in 1898]. Kazan [in Russian].

20 Gafurov, B.G. (1953). *Andizhanskoe vosstanie v 1898 g.* [The Andijan uprising in 1898]. *Voprosy istorii — Questions of History*, 2, 50–61 [in Russian].

21 Yusupov, E.Yu. & Lunin, B.V. (1987). *Andizhanskoe vosstanie 1898 goda v sovestkoi istoricheskoi literature* [The Andijan Uprising of 1898 in Soviet historical literature]. *Obshhestvennye nauki v Uzbekistane — Social Sciences in Uzbekistan*, 1, 18–32 [in Russian].

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Токашева Айсулу** — PhD докторант, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті археология, этнология және Отан тарихы кафедрасы, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8207-1296>

**Қожабеков Дарханбек** — Сулейман Демирел атындағы университеттің мультидисциплинарлық білім беру орталығының оқытушысы, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0003-8789-1749>

#### Information about the authors

**Tokasheva Aisulu** — PhD Student, Department of Archeology, Ethnology and Kazakhstan History, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8207-1296>

**Kozhabekov Darkhanbek** — Lecturer of the Multidisciplinary Education Center, Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0003-8789-1749>